

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу және
бақылау Агенттігімен

2010 жылдың 14 қазанында

Келісілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесі шешімімен

(2010 жылдың 23 қыркүйегіндегі
№ 21 отырыс хаттамасы)

Бекітілген

2010 жылдың 18 қазанынан бастап

Қолданысқа енгізілді

**Борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің
орташа сараланған мөлшерлемесін есептеу**

ӘДІСТЕМЕСІ

Алматы қ.

2010

Осы Әдістеме:

- 1) Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау Агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 28 науырызындағы № 109 қаулысымен бекітілген жинақтау зейнетақы қорларының инвестициялық пакеттеріндегі Қаржы құралдарын бағалау ережелеріне сәйкес, Биржалық кеңестің дисконттау мөлшерлемелерін анықтау мақсатында;
- 2) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мақсаттарда

қандай да бір кезеңде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатындағы (санатшасындағы) борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесі мәнін есептеу тәртібін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Әдістемеді Биржаның өзге ішкі құжаттарымен, соның ішінде Биржа Басқармасының 2002 жылдың 28 қарашасындағы № 127/1 шешімімен бекітілген Облигациялар және облигациялармен жасалған мәмілелер сомасының табыстылығын есептеу әдістемесімен анықталған ұғымдар қолданылады.
2. Борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесі осы Әдістеменің 3 бабына сәйкес, қандай да бір кезеңдегі (бұдан әрі осы Әдістемеді – талданған кезең) Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санаты (санатшасы) үшін есептелген Ү көрсеткіш мәнімен сипатталады.
3. Талданатын кезеңде Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесін есептеу кезінде:
 - 1) репо операцияларына жататын мәмілелер ескерілмейді;
 - 2) қаржы құралын орналастыру, сату немесе қайтып сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық аясында жасалған мәмілелер ескерілмейді;
 - 3) осы мәмілені жасау күні (осы Әдістеменің 2 бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып) Биржаның ресми тізімінің осы секторының осы санатында (санатшасында) орналасқан бағалы қағаздармен жасалған ашық сауда-саттық әдістерімен Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған, тек орындалған мәмілелер ғана ескеріледі.

2 бап. Қолданылатын шектеулер

1. Кірістіліктің орташа сараланған мөлшерлемесі мәнінің Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің объективті нарықтық деңгейіне баламалылығын қамтамасыз ету үшін борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сарапталған мөлшерлеме мәнінің есебінен келесі мәмілелер параметрлері алынып тасталады:
 - 1) Облигациялар және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомалары кірістілігін есептеу әдістемесінің 2 тарауына сәйкес есептелген, сатып алушы үшін өтеуге қатысты кірістілігі осы баптың 4 тармағына сәйкес орнатылған сенімгерлік интервалдың тиісінше жоғарғы немесе төменгі шегінен жоғары немесе төмен болатын;
 - 2) Облигациялар және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомалары кірістілігін есептеу әдістемесінің 3 және 4 тарауларына сәйкес есептелген әрқайсысының сомасы осы баптың 5 тармағына сәйкес белгіленген сенімгерлік интервалдың тиісінше жоғарғы немесе төменгі шегінен көп немесе аз болатын.

2. Борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесінің мәнін есептеуден осы баптың 1 тармағында көрсетілген мәмілелер параметрлерін алып тастау екі кезеңде жүзеге асады:
 - 1) бірінші кезеңде мәміле объектісі болып табылатын борыштық бағалы қағаздың сатып алушы үшін өтеуге қатысты кірістілігі осы баптың 4 тармағына сәйкес орнатылған сенімгерлік интервалдың тиісінше жоғарғы немесе төменгі шегінен жоғары немесе төмен болатын мәмілелер параметрлері алынып тасталады;
 - 2) екінші кезеңде – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мәміле параметрлері алынып тасталғаннан кейін - әрқайсысының сомасы осы баптың 5 тармағына сәйкес белгіленген сенімгерлік интервалдың тиісінше жоғарғы немесе төменгі шегінен көп немесе аз болатын мәмілелер параметрлері алынып тасталады.
3. Көрінеу бейнарықтық параметрлері бар бір мәртелік сипаттағы мәмілелердің кірістіліктің орташа сараланған мөлшерлеме мәніне тигізетін ықпалын болдырмау мақсатында, оны есептеу үшін, параметрлері мәмілелерге орнатылған сенімгерлік интервалдар шегі аясында орналасқан мәмілелер ғана қабылданады.
 - Мәміле объектісі болып табылатын, сатып алушы үшін бағалы қағаздар кірістілігінің өтеуге қатысты мәні үшін;
 - мәміле сомалары үшін

әрбір шектелетін параметр үшін сенімгерлік интервалдары жеке-жеке орнатылады.

Сенімгерлік интервалдардың жоғарғы және төменгі шегі осы баптың 4 және 5 тармақтарына сәйкес есептеледі.
4. Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер бойынша сатып алушы үшін кірістіліктің өтеуге деген мәнінің сенімгерлік интервалының жоғарғы шегі мынадай формуламен есептеледі:

$$Y_{\max} = e^{(\bar{Y} + 2,57 \cdot \delta)};$$

Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер бойынша сатып алушы үшін кірістіліктің өтеуге қатысты мәнінің сенімгерлік интервалының төменгі шегі мынадай формуламен бойынша есептеледі:

$$Y_{\min} = e^{(\bar{Y} - 2,57 \cdot \delta)}, \text{ мұнда}$$

Y_{\max} – кірістілік мәнінің сенімгерлік интервалының жылдық пайыздағы жоғарғы шегі;

Y_{\min} – кірістілік мәнінің сенімгерлік интервалының жылдық пайыздағы төменгі шегі ;

e – натуралды логарифм негізі;

\bar{Y} – Биржаның ресми тізімінің осы секторының осы санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер бойынша сатып алушы үшін кірістіліктің өтеуге қатысты мәнінің натуралды логарифмдерінің орташа арифметикалық мағынасы;

δ – Биржаның ресми тізімінің осы секторының осы санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер бойынша сатып алушы үшін кірістіліктің өтеуге қатысты мәнінің натуралды логарифмдерінің стандартты ауытқуы.

5. Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер сомасы мәнінің сенімгерлік интервалының жоғарғы шегі мынадай формуламен есептеледі:

$$V_{\max} = e^{(\bar{V} + 2,57 * \delta')};$$

Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер сомасы мәнінің сенімгерлік интервалының төменгі шегі мынадай формуламен есептеледі:

$$V_{\min} = e^{(\bar{V} - 2,57 * \delta')}, \text{ мұнда}$$

V_{\max} – мәміле сомалары сенімгерлік интервалының теңгедегі жоғарғы шегі;

V_{\min} – мәміле сомалары сенімгерлік интервалының теңгедегі төменгі шекгі;

e – натуралды логарифм негізі;

\bar{V} – Биржаның ресми тізімінің осы секторының осы санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер сомалары натуралды логарифмдерінің орташа арифметикалық мәні;

δ' – Биржаның ресми тізімінің осы секторының осы санатының (санатшасының) борыштық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер сомалары мәндерінің натуралды логарифмдерінің стандартты ауытқуы.

3 бап. Борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесінің мәнін есептеу

Талданған кезеңдегі Биржаның ресми тізімінің қандай да бір секторының қандай да бір санаты (санатшасы) үшін борыштық бағалы қағаздар кірістілігінің орташа сараланған мөлшерлемесінің мәні мынадай формуламен есептеледі:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (V_i \times Y_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}, \text{ мұнда:}$$

Y – жылдық пайыздағы кірістіліктің орташа сараланған мөлшерлемесі;

n – талданған кезең барысында биржаның ресми тізімінің осы секторындағы осы санаттың (санатшаның) бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер саны;

- V_i – Облигациялар және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомалары кірістілігін есептеу әдістемесінің 3 және 4 тарауларына сәйкес есептелген қазақстандық теңгедегі і-лік мәміле сомасы;
- Y_i – Облигациялар және облигациялармен жасалатын мәмілелер сомалары кірістілігін есептеу әдістемесінің 3 және 4 тарауларына сәйкес есептелген і-лік мәміле бойынша облигацияның сатып алушы үшін өтеуге деген кірістілігі.

Президент

Қ.Қ.Дамитов